

Көрнекі ақпараттардың мемлекеттік және орыс тілдерінде безендірілуіне бақылау жасау жөніндегі комиссия туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімиятының 2003 жылғы 14 тамыздағы № 145 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2003 жылғы 8 қыркүйекте № 2468 тіркелді

Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығымен бекітілген 2001-2010 жылдары тілдерді қолдану және дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңды орындау мақсатында, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңның 31 бабы 1 тармағы 3,17 тармақшаларына сәйкес, Науырзым ауданының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көрнекі ақпараттардың мемлекеттік және орыс тілдерінде безендірілуіне бақылау жасау жөніндегі аудандық комиссия құрылсын. Көрнекі ақпараттардың мемлекеттік және орыс тілдерінде безендірілуіне бақылау жасау жөніндегі аудандық комиссияның құрамы аудандық мәслихаттың сессиясына бекітілуге енгізілсін (1 қосымша).

2. Қоса беріліп отырған көрнекі ақпараттардың мемлекеттік және орыс тілдерінде безендірілуіне бақылау жасау жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ.Ж. Зейнеловке жүктелсін.

Аудан әкімі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

Н а у ы р з ы м а у д а н ы ә к і м и я т ы н ы ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 4 т а м ы з д а ғ ы

№ 145 қаулысына 1 қосымша

**Көрнекі ақпараттардың мемлекеттік және орыс тілдерінде
безендірілуіне бақылау жасау жөніндегі комиссияның
ҚҰРАМЫ**

Зейнелов Қойшыбай Жұрмағамбетұлы

аудан әкімінің орынбасары, төраға

Едіресов Халит Ілиясұлы

аудан әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бастығы, хатшы

Комиссия мүшелері:

Ахметова Назерке Қасымқанқызы

аудан әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы

Қараменді селолық округінің бас маманы

Байтұяқов Түлкібай Садуақасұлы

Вавулин Геннадий Алексеевич

аудан әкімі аппаратының бас маман - заң кеңесшісі

Жарылғасымов Асқар Қуанышбайұлы

аудан әкімі аппаратының бас маман - аудармашысы

Сүйіндіков Мұрат Қалымбайұлы

аудан әкімі аппаратының маман - сәулетшісі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

Н а у ы р з ы м а у д а н ы ә к і м и я т ы н ы ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 4 т а м ы з д а ғ ы

№ 1 4 5 қ а у л ы с ы н а 2 қ о с ы м ш а

бекітілді

**Көрнекі ақпараттардың мемлекеттік және орыс тілдерінде
безендірілуіне бақылау жасау жөніндегі комиссия туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

1. Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңды, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның құрамы аудан әкімиятының қаулысымен құрылады және комиссияның дербес құрамы аудандық мәслихатқа бекітілуге ұсынылады.

3. Комиссияның шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру, материалдық-техникалық және әдістемелік қамтамасыз ету жергілікті атқарушы органмен жүзеге асырылады.

2. Негізгі міндеттері

5. Комиссияның "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңды орындау саласындағы негізгі міндеттері:

1) аудан аумағында көрнекі ақпараттардың, маңдайша жазулардың, мәтіндердің, стендтердің мемлекеттік және орыс тілдерінде безендірілуі жөнінде ұсынымдар даярлауды және бақылау жасауды жүзеге асыру;

2) өзінің отырыстарында көрнекі ақпараттардың мемлекеттік және орыс тілдерінде безендірілуі мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, мекемелердің жетекшілерінің есептерін, хабарламаларын қарау.

3. Негізгі қызметтері мен өкілеттілігі

6. Комиссия жүктелген міндеттерін шешу мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне көрнекі ақпараттардың безендірілуін сәйкестендіруге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады;

2) көрнекілік ақпараттар мәселелері бойынша ұйымдар мен жеке азаматтардың хаттарын қарайды және тиісті ұсынымдар береді.

4. Жұмысты ұйымдастыру

7. Комиссияның отырысында қабылданған және оның төрағасы бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес комиссияның отырысы тұрақты түрде өткізіледі. Комиссияның мүшелерінің жартысынан кем емесі қатынасқан жағдайда комиссияның отырысы өткізілді деп есептелінеді.

8. Комиссияның шешімдері ашық дауыспен оның отырысына қатынасып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

9. Комиссияның құзырына кіретін жеке мәселелерді қарау үшін қажет болған жағдайда жұмыс топтары құрылады.

10. Комиссияның хатшысы жұмыс жоспарын, отырыстардың күн тәртібін құрады, комиссия мүшелерінің өзара қарым-қатынасын ұйымдастырады және іс қағаздарын жүргізеді.